

## **Заңды тұлғаның (оның филиалдары және өкілдіктері), жеке кәсіпкердің «ТҰРҒЫН ҮЙ» шартты банктік салым шарты<sup>1</sup>**

Осы Заңды тұлғаның (оның филиалдары және өкілдіктері), жеке кәсіпкердің «ТҰРҒЫН ҮЙ» шартты банктік салым шарты (бұдан әрі – Шарт) «Jusan Bank» АҚ-тың (бұдан әрі – Банк) заңды тұлғаның (оның филиалы және өкілдігі) және жеке кәсіпкердің (бұдан әрі – Клиент) салымы бойынша операцияларды жүзеге асыруының талаптарын және тәртібін анықтайды, сондай-ақ Тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігін (төменде анықталғандай), сондай-ақ Банк пен Клиент арасындағы құқықтық қарым-қатынастардың өзге де ерекшеліктерін (төменде анықталғандай) белгілейді.

Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 389-бабының талаптарына сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады және Клиент оларды осы Шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) Клиент (клиенттің уәкілетті өкілі) қол қойып, осы Шартқа жалпы қосылу арқылы ғана қабылдауы мүмкін. Банк және Клиент туралы мәліметтер Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Бұндай кезде Қосылу туралы өтініш пен Шарт тек бірыңғай құжат ретінде қарастырылады.

Клиенттің (оның Өкілінің) Қосылу туралы өтінішке қол қоюы төмендегілерді куәландырады және растайды:

- Клиент Шарт талаптарын толық көлемде қандайда да бір ескертпесіз және қарсылықсыз оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын;

- Шартта Клиент үшін оның саналы түрде түсінетін мүдделеріне қарай қабылдай алмайтын қандай да бір ауыртпалықты талаптардың жоқ екенін;

- Банкте Клиент (оның Өкілі) қол қойған Қосылу туралы өтініш болатын жағдайда Клиент Шартты оқымағаны/түсінбегені/қабылдамағанының дәлелі ретінде Шартта өз қолының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқ;

- Клиент банктік жинақ ақша шотын ашу, жүргізу және жабу, Қосылу туралы өтініш бойынша барлық шарттармен келіседі;

- Шарттың, Қосылу туралы өтініштің барлық ережелері Клиенттің мүдделері мен ерік білдіруіне толық сәйкес келеді;

- Клиент Шартты жасасу және банктік жинақ ақша шотын ашу үшін қажетті барлық процедураларын орындады;

- Клиент ұсынған, Шартты жасасу және орындау мақсатында ұсынылған барлық ақпарат дұрыс, толық және нақты болады/болып табылады;

- Клиент тиісті түрде құрылған және өзі резидент болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген;

- Клиент және оның өкілдері, уәкілетті тұлғалары Шартты жасасуға және орындауға тиісті корпоративтік органдардан/тұлғалардан/мемлекеттік органдардан барлық қажетті құқық пен уәкілеттілікке ие;

- Клиент қаржы қызметтерін сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық талаптарын орындайды, соның ішінде Клиент қаржы қызметтерінің жеткізушісі ретінде Банкті таңдау бойынша барлық қажетті процедураларды жүргізді;

- Клиент табиғи монополия, мемлекеттік сатып алулар субъектісі болған немесе оған қаржы қызметтерін сатып алу тәртібін және талаптарын анықтайтын өзге де талаптар қолданылатын жағдайда;

- шартты жасасу және оның талаптарын орындау, соның ішінде Шарт бойынша кез келген банктік жинақ ақша шотын ашу клиенттің құрылтай және басқа да құжаттарын және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Клиентке қатысты қолданылатын заңнаманың кез келген ережесін бұзбайды және олардың бұзылуына әкелмейді.

Шарттың барлық Қосымшалары (болған жағдайда), Қосылу туралы өтініштер, сондай-ақ осы Шарттың шеңберінде Банктің Клиенттен (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) қабылдаған өзге де өтініштері Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

### **1. Шарттың мәні**

1.1. Осы Шартқа сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге ақша жинақтау мақсатында Банк Клиент қол қойған Қосылу туралы өтініш негізінде, Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес шот ашу үшін қажетті құжаттарды ұсынған кезде Клиентке жинақ банктік шотты (бұдан әрі – Шот) ашады. Салым Шотқа есепке алынған күні қабылданған болып саналады:

- Қосылу туралы өтінішке сәйкес Банктегі ағымдағы шоттан алу қарастырылған. Клиент аталған талапты таңдаған және Қосылу туралы өтінішке қол қойған жағдайда Банкке Шотқа есепке алу үшін Қосылу туралы өтініште көрсетілген Клиенттің ағымдағы шотынан Шот ашылған күні Шартта анықталған мөлшерде Салым сомасын Банктің алуына келісімін (құқық) береді. Бұл ретте Клиенттің тарапынан қандай да бір қосымша келісім/растау/нұсқау талап етілмейді.

- Қосылу туралы өтінішке сәйкес Салымды Шотқа аудару қарастырылған. Аталған талапты таңдаған жағдайда Клиент Шотты ашқан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей Салымды аударып, Салым сомасы Шот ашылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннің ішінде Шотқа аударылмаған жағдайда осы Шарт жасалмаған болып есептеледі және Шот жабылады.

1.2. Салым сомасы, сыйақы мөлшерлемесі, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, Салым аударылатын Шоттың нөмірі және Салым бойынша басқа да шарттар Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

1.3. Әрбір Тараптың осы Шартқа қатысуы Банк пен Клиенттің немесе Клиент пен үшінші тараптардың арасында жасалған басқа да шарттарға қарағанда басымды болып табылмайды және Тараптардың басқа шарттарға қатысу құқықтарын шектемейді.

1.4. Банк ұсыну тәртібі және жекелеген талаптары Банктің Интернет – ресурсында ([www.jusan.kz](http://www.jusan.kz)), сондай-ақ Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарында (операциялық бөлімшелерінде) орналастырылған электрондық банктік қызметтерді ұсынады және Клиент осы Шартқа қол қою арқылы онымен танысқанын және келісетінін растайды. Электрондық банктік қызмет ұсыну мәселелері бойынша Банкке хабарласуға арналған байланыс телефондары мен мекенжайлары Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарында (операциялық бөлімшелерінде) орналастырылған.

1.5. Алып тасталынды.

1.6. Салым Шотқа есепке алынған күні қабылданған болып саналады.

1.7. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері Қосылу туралы өтініште және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған міндеттемелерге байланысты өзгертілуі мүмкін. Банк Клиенттің жазбаша өтініші бойынша Клиентке жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің өзгертілген мөлшері туралы мәліметтерді ұсынады.

1.8. Салым бойынша сыйақы Салым Шотқа есепке алынған күннен бастап күн сайын мына базаға негізделіп есептеледі: жылдағы 360 күн және айдағы 30 күн<sup>1</sup>, бұл кезде Банкке Салым сомасын аудару күні мен Салымды қайтару күні бір күн деп есептеледі.

1.9. Салым бойынша есептелген сыйақыны төлеу Клиенттің «Jusan Bank» АҚ-та ашылған Ағымдағы шотына (бұдан әрі – Ағымдағы шот) Қосылу туралы өтініште көрсетілген деректемелер бойынша осы Шартта қарастырылған тәртіпте жыл сайын/ай сайын Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес (егер бұндай ұстап қалу Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған болса) төлем көзінен алынатын табыс салығын ұстап қалумен жүзеге асырылады.

Сыйақы жыл сайын төленген жағдайда төлем Салым орналастырылған күнге сәйкес келетін күні жүргізіледі. Бұндай кезде сыйақы төлеу күні демалыс/жұмыс емес күнге түскен жағдайда төлем Салым орналастырылған күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі.

Сыйақы ай сайын төленген жағдайда төлем есептік айдан кейінгі айдың бірінші жұмыс күні жүргізіледі.

1.10. Салым бойынша қосымша жарналарға рұқсат етілген.

1.11. Салым бойынша ішінара алу осы Шартта қарастырылған тәртіпте орынжайлар (пәтер) меншік иелерінің жалпы жиналысының хаттамасы негізінде рұқсат етілген.

1.12. Осы Шарт бойынша салымды/салымның бір бөлігін қайтару шарты Банкке үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің жалпы жиналысының тиісті түрде ресімделген хаттамасын Банктің салымды/салымның бір бөлігін және тиісті өтінішті (бұдан әрі – Шарт) қайтаруына беру болып табылады. Салымды талап ету туралы Клиент үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің жалпы жиналысының хаттамасын ұсына отырып, Банкті жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті, бұл ретте Банктің салым сомасын қайтаруы күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

1.13. Салымды/Салым бөлігін қайтару және есептелген сыйақыны төлеу төлем көзінен табыс салығын ұстап қалу арқылы (егер осындай ұстап қалу Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылса) Ағымдағы шотқа аудару арқылы жүргізіледі.

1.14. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша Шотты жабуға рұқсат етілмеген жағдайларды қоспағанда Шотты жабу Салым толық қайтарылған кезде Талап басталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

1.15. Клиент Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Банкке Шотты ашу күнінде Шотқа қашаны есепке алу үшін Клиенттің ағымдағы шотынан Шартта анықталған мөлшерде ақша сомасын алуға келісімін (кұқық) береді.

## **2. Клиенттің құқықтары және міндеттері**

### **2.1. Клиент міндеттенеді:**

2.1.1. Банкке Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жинақ ақша шотын ашуға және жүргізуге қажетті құжаттарды ұсынуға.

2.1.2. Құрылтай құжаттарына/жеке тұлғасын куәландыратын құжаттарға өзгертулер/қосымшалар енгізілген, орналасқан жері немесе телефон, факс нөмірлері өзгерген жағдайда, сондай-ақ осы Шарттың талаптарын орындауға маңызы бар басқа да өзгерістер кезінде осындай өзгертулер күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күннің ішінде аталған өзгертулерді растайтын Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің

<sup>1</sup> Айдағы күнтізбелік күндер санына байланысты 30-шы есептік күн үшін сыйақы есептеу:

егер бір айда күнтізбелік күн саны 28/29 болса, онда 28 (3 күн үшін) /29 (2 күн үшін) есептік күннің аяғындағы қалдыққа;

егер бір айда 30 күнтізбелік күн болса, онда 30-шы есептік күннің аяғындағы қалдыққа;

егер бір айда 31 күнтізбелік күн болса, онда 31-ші есептік күннің аяғындағы қалдыққа жүргізіледі, бұл ретте 30-шы күн үшін сыйақы есептеу жүзеге асырылмайды.

Аталған сыйақы есептеу әдісі айдың 30 күні ашылған шарттарға да қатысты.

ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ресімделген құжаттарды ұсыну арқылы Банкке жазбаша түрде немесе осы Шарттың 10.10-тармағында көрсетілген басқа да байланыс құралдары арқылы хабарлауға.

2.1.3. Шарттың әрекет ету мерзімінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ұсыну талап етілетін тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынуға.

2.1.4. Шотқа иелік ету құқығын үшінші тұлғаларға ұсыну кезінде, сенімхат негізінде Шотқа иелік етуге уәкілетті тұлғалардың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Банкке бұл жайында жазбаша түрде немесе Тараптармен келісілген басқа байланыс құралдары бойынша хабарлауға және мұндай өзгертулерді растайтын құжаттардың түпнұсқасын 1 (бір) жұмыс күннің ішінде ұсынуға. Клиент хабарлау тәртібін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда Банк Клиентке келтірілуі мүмкін зиян үшін жауапкершілікте болмайды;

2.1.5. Банкке Салым бойынша артық төленген сыйақыны Банктің талабын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннің ішінде қайтаруға.

2.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде шоттан ақшаны алып қоюға байланысты салым сомасы төмендетілген жағдайда, қосылу туралы өтініште көрсетілген оның бастапқы мөлшеріне дейін салым сомасы толықтыру.

2.1.7. төлем құжатын орындағаннан кейін оның дұрыстығын анықтауға және ол қате болған жағдайда Банкке анықталған қателік туралы жүргізілген қате төлем анықталғаннан кейін 3 (үш) операциялық күннің ішінде, бірақ қате нұсқау немесе рұқсат етілмеген төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізілген күннен бастап 3 (үш) жылдан кешіктірмей хабарлауға. Клиент қате төлем туралы хабарламада төлем құжатының деректемелерін және өзі анықтаған қате деректемелерді көрсетеді.

2.1.8. Шарт талаптарының өзгертілгені және толықтырылғаны туралы Банктің Интернет – ресурсында ([www.jusan.kz](http://www.jusan.kz)), сондай-ақ Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарынан (операциялық бөлімшелерінде) дербес білуге.

2.1.9. Осы Шарт бойынша Банк қызметтерін Банктің тарифтерінде белгіленген мөлшерде және тәртіпте төлеуге және Банктің Интернет-ресурсында ([www.jusan.kz](http://www.jusan.kz)), сондай-ақ Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарында (операциялық бөлімшелерінде) орналастырылған тарифтердің өзгергені туралы дербес білуге.

## **2.2. Клиент құқылы:**

2.2.1. осы Шартта және Қосылу туралы өтініште қарастырылған шарттарда, мөлшерде және тәртіпте Салым сомасын және есептелген сыйақыны алуға.

2.2.2. Шоттың жағдайы туралы үзінді көшірмелерді, анықтамаларды алуға.

2.2.3. осы Шартта және Қосылу тарыл өтініште қарастырылған тәртіпте Салым бойынша қосымша жарналар және ішінара алулар жүргізуге.

## **3. Банктің құқықтары және міндеттері**

### **3.1. Банк міндеттенеді:**

3.1.1. Клиент осы Шарттың 2.1.1-тармағына сәйкес толық құжаттар пакетін ұсынғаннан кейінгі 1 (бір) операциялық күннің ішінде Клиентке Шот ашуға.

3.1.2. Талап басталғаннан кейін Салым сомасын және ол бойынша есептелген сыйақыны 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Ағымдағы шотқа қайтаруға.

3.1.3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және (немесе) мемлекеттік органдарының лауазымды адамдары/жеке сот орындаушылары ұсынған төлем құжаттарын кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орындау.

3.1.4. Клиентке төлем тапсырмасын орындаудан бас тарту туралы жазбаша түрде немесе Тараптармен келісілген басқа да байланыс құралдары (Банктің қалауынша) арқылы хабарлауға. Осындай хабарламаны жолдау күні төлем құжатын орындаудан бас тарту күні болып саналады.

3.1.5. Клиент барлық құжаттарды және басқа да Банк сұратқан қосымша өзге де құжаттарды ұсынған кезде Клиент қол қойған Шартқа қосылу өтінішіне сәйкес, жеке сәйкестендірме кодын берумен, Клиентке Шот ашуға.

3.1.6. Шотты ашқаннан кейін Клиентке дербес сәйкестендіру кодтарын көрсету арқылы Шоттарды ашу туралы анықтаманы ұсынуға.

3.1.7. Осы Шартта қарастырылған тәртіпте Клиенттің Шотын жабуға.

3.1.8. Клиенттің Шоты бойынша банктік құпияға кепілдік беруге міндетті. Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда Клиенттің келісімінсіз Шот жағдайы туралы және операциялар бойынша ақпарат ұсынбауға.

3.1.9. Уәкілетті мемлекеттік орган немесе лауазымды адам/жеке сот орындаушысы тыйым салу туралы шешімді, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы істер бойынша мүлікке билік етуді уақытша шектеу туралы актіні кері қайтарып алғаннан кейін Клиенттің шоты бойынша операцияларды жаңартуға, Клиенттің шотындағы ақшаға салынған тыйым салу Клиенттің ақшасына тыйым салу құқығы бар адамның ақшаға

тыйым салу туралы бұрын қабылдаған актісінің күшін жою туралы тиісті жазбаша хабарламасының негізінде не шоттағы ақшаға бұрын салынған тыйым салуды орындау үшін ұсынылған инкассалық өкімді Банк орындағаннан кейін не «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда алып тасталады.

3.1.10. Клиент талабы түскен күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей төлем құжаттарының қағаз үлгісіндегі даналарын қоса беріп, Шот бойынша үзінді көшірме беру арқылы Шот бойынша жүргізілген операция туралы ақпаратты ұсынуға.

3.1.11. Клиентке жазбаша түрде немесе осы Шартта көрсетілген басқа байланыс құралдары арқылы (Банктің қалауы бойынша) инкассалық өкімді қоспағанда, төлем құжатын орындаудан бас тарту туралы хабарлауға. Осындай хабарламаны жолдау күні Төлем құжатын орындаудан бас тарту күні болып саналады.

### **3.2. Банк құқылы:**

3.2.1 Талап басталғанға дейін Клиенттің Салымға/Салымның бөлігіне өкім ету бойынша нұсқауларын орындауға қабылдамауға;

3.2.2 Банкке уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) лауазымды адамның/жеке сот орындаушысының кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы істер бойынша шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) өкімі келіп түскен жағдайда шот бойынша операцияларды тоқтата тұру.

3.2.3 Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте операцияларды жүргізуден бас тартуға, Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға.

3.2.4 Қазақстан Республикасының «Төлемдер және төлемдік жүйелер туралы» Заңында және «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында қарастырылған негіздер бойынша және тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға. Осы Шартты орындаудан біржақты бас тартуға «Төлемдер және төлемдік жүйелер туралы» Заңында белгіленген жағдайларда жол берілмейді. Банк осы Шарттың деректемелерінде көрсетілген Клиенттің мекенжайына шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннің ішінде электрондық үлгіде немесе пошта арқылы (Банктің қалауы бойынша) осы Шартты (толық) орындаудан бас тарту туралы хабарламаны жолдайды. Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып саналады, бұндай кезде Тараптар арасында қандай да бір келесімдер жасасу талап етілмейді. Осы Шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда Банк біржақты бас тарту күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей осы Шартты орындаудан біржақты бас тарту күніне Қосылу туралы өтініште қарастырылған мөлшерлеме бойынша сыйақы төлейді.

3.2.5 Клиенттің шотына орындалмаған талаптар немесе кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы істер бойынша сот шешімінің негізінде мүлікке билік етуді уақытша шектеу туралы алынбаған актілер болған кезде шотты жабудан бас тарту.

3.2.6 Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған тәртіпте және негіздемелер бойынша Шоттан ақша алуға.

3.2.7 Шот ашу үшін Қазақстан Республикасы заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған кез келген құжаттарды, сондай-ақ осы Шартты орындауға қажетті қосымша құжаттарды сұратуға.

3.2.8 Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде шоттан ақша алуды (есептен шығаруды) жүзеге асыру.

3.2.9 Осы Шартта қарастырылған жағдайларда осы Шарт негізінде алдын ала хабарлаусыз және Клиенттің келісімінсіз оның Банкте ашылған кез-келген банктік шоттарынан ақшаны алуға (есептен шығаруға).

3.2.10 Банкке өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыруға қажетті құжаттар мен мәліметтері Клиент ұсынбаған жағдайда; Қазақстан Республикасы заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкеспейтін формада толтырылған және ұсынылған төлем құжаттарын берген жағдайда; төлемді/аударымды жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын Клиент қамтамасыз ете алмаса; егер төлем құжаты Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген және/немесе Шарттың талаптарындағы басқа талаптарды бұзғанда, егер төлем құжатын қолдан жасалғандығының белгісі байқалса Клиенттің төлем құжатын орындаудан бас тартуға.

3.2.11 Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте Клиенттің Шотын біржақты тәртіпте жабуға.

3.2.12 Егер Клиент ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған жағдайда немесе Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты Клиент ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Клиентке қызмет көрсету барысында Клиент іскерлік қарым-қатынасты Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы Қазақстан Республикасының заңында қарастырылғандай қылмыстық жолмен немесе терроризмді қаржыландыру арқылы алынған кірістерді

заңдыстыру (жылыстату) мақсатында пайдаланатынына күдік туындаған жағдайда Клиентпен іскерлік қарым- қатынасты тоқтату.

3.2.13 Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру бойынша қаржы мониторингін жүзеге асыратын және басқа да шараларды қолданатын уәкілетті мемлекеттік органның Клиентті және/немесе Клиенттің бенефициарлық меншік иесін Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-әрекет заңнамасына сәйкес терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне қосқаны жөніндегі ақпараттың негізінде Клиенттің Шоты бойынша операцияларды тоқтата тұруға.

#### **4. Тараптардың жауапкершілігі. Жауапкершілікті алып тастауға негіздер**

4.1. Тараптардың әрқайсысы осы Шарт бойынша өздеріне алған міндеттемелерді бұзғаны үшін басқа Тараптың алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

4.2. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларының, соның ішінде келесілерді қоса алғанда бірақ бұлармен шектелмей: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, уәкілетті мемлекеттік органдар қабылдаған актілер/шектеу-тыйым салу сипатындағы шаралар, бағдарламалық қамтамасыз етудің істен шығуы, электр энергиясының өшірілуі, байланыс желісінің зақымдануы және Тараптардың еркінен тыс болатын және осы Шарттың мәніне тікелей қатысы бар басқа да жағдайлар салдарынан осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілікте болмайды;

4.3. Банк осы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің орындамағаны/тиісті түрде орындалмағаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған Шот бойынша операциялардың тоқтатылуы және/немесе Шотта орналасқан ақшаға тыйым салынуы нәтижесінде жауапкершілікте болмайды.

4.4. Клиенттің Шотқа иелік етуге уәкілетті тұлғаларының іс-әрекеттеріне, Клиенттің Банкке Шарттың 2.1.4 - тармағына сәйкес осындай өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы хабарламауы/уақтылы хабарламауы жағдайында Банк жауапкершілікте болмайды.

4.5. Кез келген жағдайларда Банктің осы Шарт бойынша жауапкершілігі Банктің кінәлі әрекеттерімен/әрекетсіздіктерімен Клиентке келтірілген нақты залалдың мөлшерінде шектеледі. Нақты залалдың орнын толтыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

4.6. Банк Клиенттің осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілікте болмайды.

4.7. Клиент өзі жүргізген операциялардың заңға сәйкес келуіне, сондай-ақ Банкке ұсынылатын осы Шартта қарастырылған қызметтерді жүзеге асыруға негіз болып табылатын құжаттардың дұрыс болуына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

4.8. Клиент және/немесе үшінші тұлға төлем құжатын тиісті түрде ресімдеген жағдайда Банк Шот бойынша операциялардың уақтылы орындалмауына жауапкершілікте болмайды.

4.9. Банктің таралуы немесе қайта ұйымдастырылуы жағдайында Салым бойынша орнын толтыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында анықталған тәртіпте жүзеге асырылады.

#### **5. Салымды қайтару жөніндегі міндеттемелерге кепілдік беру <sup>2</sup>**

5.1. Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады, ол «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ берген 02.04.2021 жылғы № 16 куәлігімен расталады.

5.2. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңға (бұдан әрі – Депозиттерге кепілдік беру туралы Заң) сәйкес шоттағы ақша депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады. Депозиттерге кепілдік беру туралы заңда көзделген кепілдік өтемді төлеу шарттары, мерзімдері мен тәртібі туралы хабарлама Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған.

#### **6. Шарттың әрекет ету шарттары**

6.1 Қосылу туралы өтініштің мәтінінде басқасы қарастырылмаса, Банк Клиент (оның Өкілі) қол қойған Қосылу туралы өтінішті қабылдаған кезден бастап оған тиісті белгі қою арқылы Қосылу туралы өтініш қабылданған, ал Шарт жасалған болып есептеледі және Талап басталғанға дейін әрекет етеді.

6.2. Банкпен ерекше қарым-қатынастағы байланысы бар тұлға болып табылатын Клиентпен Шарт жасасу «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **7. Дауларды шешу тәртібі**

7.1. Осы Шартта реттелмеген мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

7.2. Осы Шартқа байланысты, келіссөздер жолымен реттелмеген барлық даулар Талапкердің/Арыз берушінің таңдауы бойынша Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында (Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына

<sup>2</sup> Көрсетілген бөлімнің талаптары жеке тұлғамен Шарт жасасу кезінде қолданылады

сәйкес, ерекше соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төрелік соттарға бағынысты емес және осыған байланысты Қазақстан Республикасының соттарында қарастырылуы тиіс дауларды қоспағанда, Төрелік сотқа талап/өтініш беру күніндегі редакциядағы осы Төрелік келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын оның Регламентіне сәйкес, тұрақты жұмыс істейтін «Алматы Төрелік сотында» қарастырылуы тиіс.

7.3. Төлеуші мен ақша алушылар арасында есеп айырысу бойынша өзара наразылық тікелей өздерінің арасында Банктің қатысуынсыз қаралады.

## **8. Шартты өзгерту тәртібі**

8.1. Банк Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты Банктің Интернет – ресурсында ([www.jusan.kz](http://www.jusan.kz)), сондай-ақ Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарында (операциялық бөлімшелерінде) орналастыру арқылы Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашы болуға құқылы. Тиісті өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы ақпарат өзгертулер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей клиентке хабарланады.

8.2. Клиенттің оған Шартқа енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды енгізу туралы хабарланған кезден бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды ескере отырып Шарт талаптарын қабылдамау туралы өтінішті Банкке бермеуі Клиенттің Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясы туралы Клиентке хабарлау мерзімі аяқталған күннен бастап күшіне енетін Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен келісуін және оған енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды ескере отырып толық қосылатынын білдіреді.

8.3. Шартқа өзгертулер және/немесе толықтыруларды енгізгеннен кейін ол өзгертілген/толықтырылған түрде қолданыста болады.

8.4. Қазақстан Республикасы заңнамасына Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуді талап ететін өзгертулер енгізілген кезде Шарттың 8.1.-8.3. тармақтарында белгіленген тәртіпке сәйкес Шартқа өзгертулер енгізілгенге дейін Шарт Тараптары Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті ережелерін басшылыққа алады.

## **9. Құпиялылық**

9.1. Тараптардың осы Шартқа байланысты беретін кез келген ақпараты, сондай-ақ Шартты жасау фактісі құпия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары немесе Шарттың талаптарында басқасы қарастырылмаса, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

9.2. Құпиялылық Клиенттің кінәсінен бұзылған жағдайда немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа дереккөздері арқылы белгілі болған жағдайда Банк жауапкершілікте болмайды.

9.3. Қосылу туралы өтінішті беру кезінде Клиент Шартта қарастырылған операцияларды жүзеге асыру мақсатында Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне, оларда бекітілген ақпаратты жариялау деңгейін қадағалау қажеттілігін белгілейтін Банктің ішкі құжаттарына сәйкес кез келген ақпаратты жариялауын талап етуге құқылы, ал Клиент Банкке оның талап етуі бойынша кез келген ақпаратты Банк белгілеген мерзімде беруге міндетті.

9.4. Қосылу туралы өтінішті беру кезінде Клиент Банкті сөзсіз және қайтарымсыз осы Шарт негізінде Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз келесі үшінші тұлғаларға құпия негізде ұсынуға уәкілетті етеді:

а) Клиентке және/немесе Шартқа және/немесе Клиент пен Банк арасында жасалған басқа да шарттарға, соның ішінде күші жойылғандарға қатысты, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгендей банктік құпия болып табылатын барлық және кез келген ақпаратты, сондай-ақ коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияларды - Банктің ірі қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға, Банктің үлестес заңды тұлғаларына; уәкілетті мемлекеттік органдар, соттар, құқық қорғау органдарына (соның ішінде анықтау органдарына және/немесе алдын ала тергеу органдарына, ұлттық қауіпсіздік органдарына) олардың сұрауы бойынша немесе Клиент Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда немесе Клиент Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзған жағдайда, Банк осы Шарт бойынша талап ету құқықтарын берген кез келген үшінші тұлғаларға;

б) Банкке, Банк акционерлеріне және/немесе Банктің үлестес тұлғаларына қызмет көрсету үшін қажет және жеткілікті болып табылатын Клиентке және/немесе Шартқа және/немесе Клиент және/немесе Банк және/немесе үшінші тұлғалар арасында жасалған басқа да шарттарға, соның ішінде күші жойылғандарға қатысты, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгендей банктік құпия болып табылатын кез келген ақпаратты, сондай-ақ коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияларды, - Банкпен, Банк акционерлерімен және/немесе Банктің үлестес тұлғаларымен аналитикалық сауалнама жүргізу үшін, соның ішінде қарызды қайтару, консультациялық, заңнамалық, аудиторлық қызметтерді көрсету үшін, соның ішінде ақшаны төлеуге және/немесе аударуға байланысты үшінші тұлғаларға (соның ішінде банк-корреспонденттерді, төлем карточкалары жүйелерін және т.б.) осы қызметтерді көрсету үшін жалданған немесе болашақта жалданатын кез-келген үшінші тұлғаларға, бұл үшінші тұлғалардың Банк, Банк акционерлері және/немесе Банктің үлестес тұлғалары алдында өз міндеттемелерін орындау мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өз қызметін атқару мақсатында (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, мемлекеттік кірістер органдарына

есептерді/есептемені/ақпаратты ұсыну, сондай-ақ ондай ақпаратты/мәліметті ұсыну қажеттілігі/міндеті пайда болатын басқа жағдайларда);

в) Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарына, шетел салық органдарына, сонымен қатар АҚШ салық органдарына (IRS) және шетел салық агенттеріне – Клиентке және/немесе Шартқа және/немесе Клиент пен Банк арасында жасалған басқа да шарттарға, соның ішінде қолданысын тоқтатқандарға қатысты кез келген ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгендей банктік құпия болып табылатын ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған Халықаралық шарттардың талаптарын іске асыру мақсатында коммерциялық және/немесе заңмен қорғалатын басқа да ақпаратты.

## **10. Қорытынды ережелер**

10.1. Шарт Тараптардың оның мәні бойынша толық өзара келісімге келгендігін білдіреді және алдындағы Шарт талаптарына қатысты Тараптар арасында бар жазбаша немесе ауызша келісімдер немесе келісімдерді алмастырады.

10.2. Шарт Тараптар және олардың құқық мирасқорына және уәкілетті өкілдеріне міндетте болып табылады.

10.3. Егер Шарттың қандайда бір ережесі күшін жойса, жарамсыз немесе заңсыз болса, ол Шарттың басқа ережелерінің жарамдылығына және заңдылығына қандай да бір дәрежеде әсер ете алмайды немесе олардың жарамдылығын және заңдылығын әлсірете алмайды. Бұндай жағдайларда Тараптар жарамсыз ережелерді заң күші бар жаңаларына алмастыру үшін бар күшін салады.

10.4. Клиент Банктің қылмыстық жолмен алынған пайданы заңдастыру, лаңкестік, алаяқтық, жемқорлық және т.б. сияқты қылмыстық іс-әрекеттерге және ақшаны жылыстату схемаларына Банкті тарту жағдайларын болдырмау бойынша белсенді жұмыс істейтінін мойындайды және бұнымен келіседі. Банктің жұмыс стандарты Банк беделін сақтауға және қорғауға, сондай-ақ клиенттердің Банктің адалдығына деген сеніміне күмән келтірмеуіне бағытталған. Осыған байланысты Банк өзінің қалауы бойынша Банк клиенттеріне және кезеңді түрде өзгеріп тұратын Банк клиенттерімен жасалатын мәмілелер және операцияларға белгілі бір талаптар қояды. Осылайша Банкте Банктің қандай да бір клиенті немесе Банк клиентінің қандай да бір мәмілесі немесе операциясы ерекше/күмәнді клиенттерге және/немесе мәмілелер санатына жатқызылу критерийлері белгілеуі мүмкін.

10.5. Осы арқылы Клиент Шарт және/немесе Банкпен өзге мәмілелерді жасасу және оларды орындау шеңберінде, соның ішінде Клиенттің олар бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындауы мақсатында Банк пен Клиент және (немесе) үшінші тұлғалар, соның ішінде Клиент және (немесе) Банкпен қатынастар немесе жағдайлар арқылы байланысқан тұлғалар арасында келесілерді қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: банктік және/немесе өзге қызмет көрсетуге, соның ішінде қызметтерді ұсынуға дейін және оларды ұсыну барысында кез келген (бағалау және (немесе) сақтандыру бойынша (қарастырылған болса) және т.б.) әрекеттерді/мәмілелерді жасауға; хабарламаларды, талаптарды жөнелту, сондай-ақ ақпараттандыруға, соның ішінде Банктің қызметтері туралы ақпараттандыруға; кез келген мәліметтер мен ақпаратқа сұрау салу және оны алуға байланысты кез келген қатынастардың, туындауына немесе болашақта туындау мүмкіндігіне байланысты, сондай-ақ ақпаратты жинау, өңдеу және тарату қажеттілігі бар/туындаған өзге жағдайларда Банкке Банктің барлық дереккөзінен Клиент туралы, соның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге құпия болып табылатын, Клиент (оның өкілі) туралы кез келген ақпаратты (бұдан әрі – «Ақпарат») өңдеуден өткізуіне, таратуына сөзсіз келісімін береді. Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату Банктің қарауында Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін тәсілдермен жүзеге асырылады.

### **Банк құқылы:**

1) Банк заңнама талаптарына, жасалған шарттарға сәйкес және өзге жағдайларда Ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органдарға және осы Шартта көрсетілген үшінші тұлғаларға беруге міндетті және құқылы болған кезде Ақпаратты беруге, соның ішінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес ақпараттың трансшекаралық берілуін жүзеге асыруға;

2) Ақпаратты таратуға, соның ішінде Заңға сәйкес;

3) Ақпаратқа қол жеткізу шарттарын дербес анықтауға;

4) Банкпен құқықтық қатынастары аяқталғаннан кейін Ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мерзім бойы кез келген тасымалдаушыларда сақтауға.

Банк Ақпаратты жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру туралы Банктің жасаған әрекеттері туралы ешкімге хабарлауға міндетті емес.

Банк анықтауында, қажеттілік болған жағдайда Клиент Банкке Клиенттің дербес мәліметтер субъектілерінен алынған дербес мәліметтерді жинауға және өңдеуге, дербес мәліметтерді үшінші тұлғаларға, сондай-ақ Банкке беруге, Банктің оларды трансшекаралық беруіне, жинауына және өңдеуіне келісімдерін растайтын құжаттарды береді. Жоғарыда аталған келісімдердің болмауына Клиент жауапкершілікте болады. Банкке қатысты дербес мәліметтер туралы заңнамаларды бұзғаны үшін қандайда бір шара қолданылатын болса, Клиент Банкке Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығынды және залалды өтеуге міндеттенеді.

Клиент Банк Ақпаратқа өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізуі үшін Банкке тиісінше растау құжаттарын берумен жаңа Ақпарат, Банкке берген Ақпаратқа кез келген өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы 3 (үш) жұмыс күннің ішінде Банкке жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

#### **10.6. Жемқорлыққа қарсы ескертпе.**

Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

а) тура немесе жанама түрде ақшаны немесе құндылықтарды кез келген тұлғаға, осы тұлғалардың іс-әрекеттері немесе шешімдеріне қандайда бір заңға қайшы немесе заңсыз мақсаттарға қол жеткізу мақсатында әсер ету үшін төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын пара беру/алу, коммерциялық пара ұсыну, жемқорлық сияқты іс-әрекеттерді орындамайды.

Шарттың әр тарабы қандай да бір дәрежеде екінші Тарап қызметкерлерін/өкілдерін ынталандырудан, ақша, сыйлық ұсынудан, оларға қатысты өтеусіз жұмыстар істеу (қызметтер көрсету) және Тарап қызметкерлерін/өкілдерін белгілі бір тәуелділікке итермелейтін және осы қызметкер /өкіл оның Тарабын ынталандыру пайдасына қандайда бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған осы тармақта көрсетілмеген басқа да тәсілдерден бас тартады.

Қызметкердің оны ынталандыратын Тарап/Клиент пайдасына жүзеге асырылатын іс-әрекеті дегеніміз:

а) басқа контрагенттермен салыстырғанда негізсіз артықшылықтар жасау;

б) қандайда бір кепілдіктерді беру;

в) қолданыстағы процедураларды жеделдету;

г) Қызметкер өзінің лауазымдық міндеттемелері шеңберінде орындайтын, бірақ Тараптар арасындағы өзара қарым-қатынасының адалдығы және ашықтығы принциптеріне қайшы келетін басқа да іс-әрекеттер.

10.7. Баптардың орналасу тәртібі, баптардың атаулары және Шарттағы басқа да тақырыптар ыңғайлы болу үшін пайдаланылған және оларда Шарттың қандай да бір ережелерін шектеулер, сипаттаулар немесе түсіндірулер берілмейді.

10.8. Шарт орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жасалған. Шарттың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндерінде алшақтық болған жағдайда Шарттың орыс тіліндегі мәтініне басымдық берілетін болады.

10.9. Осы Шарттың бір данасы Шотты ашу кезінде оның талабы бойынша табысталуы мүмкін. Егер Клиент Шартта көрсетілгендерден басқа Банк көрсететін басқа да қызметтердің көрсетілуін қаласа, тиісті қызметтердің көрсетілуіне жеке шарттар жасауы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және/немесе Банктің ішкі саясатында, стандарттарында, процедураларында, Банктің басқа да ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған талаптарды орындауы талап етіледі.

10.10. (9.14.) Шарттың талаптарына сәйкес жолдануға жататын барлық хабарламалар Банктің қалауы бойынша пошта/факс бойынша/электрондық мекенжайға/ «Интернет-Банкинг» жүйесі арқылы/Банктің Интернет-ресурсында орналастыру арқылы/қосылу туралы өтініште көрсетілген Клиенттің телефон нөмірі бойынша SMS-хабарлама жіберу арқылы жіберіледі.

#### **Банктің деректемелері**

A26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242 үй  
BSN 920140000084

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дегі

ЖСК KZ48125KZT1001300336

BCK TSESKZKA

[Интернет-ресурс: www.jusan.kz.](http://www.jusan.kz)

<sup>i</sup> Заңды тұлғаның (оның филиалдары және өкілдіктері), жеке кәсіпкердің «ТҰРҒЫН ҮЙ» шартты банктік салым шартын бекіткен:

- «Jusan Bank» АҚ Басқармасымен (11.02.2021 ж. № 20-21 хаттама);
- «Jusan Bank» АҚ Басқармасымен (25.07.2023 ж. № 80-23 хаттама) бекітілген өзгерістермен
- «Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесімен (05.03.2021 ж. № 05/03/21-01 хаттама)
- «Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесімен (10.08.2023 ж. № 10/08/23-01 хаттама) бекітілген өзгерістермен



**Заңды тұлғаның (оның филиалдары мен өкілдіктерінің), дара кәсіпкердің «ТҰРҒЫН ҮЙ» Шартты  
банктік салым шартына қосылу туралы  
ӨТІНІШ (бұдан әрі – Шарт)**

1. Клиенттің атауы \_\_\_\_\_ (бұдан әрі – Клиент).  
БСН/ЖСН \_\_\_\_\_
2. Салымның түрі \_\_\_\_\_ мен атауы: «Тұрғын үй» шартты салымы.
3. Салым сомасы (сандармен және жазумен көрсету) және валютасы: \_\_\_\_\_ теңге (бұдан әрі – Салым сомасы).
4. Жинақ шотының нөмірі № \_\_\_\_\_ (бұдан әрі – шот), «Jusan Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) ашатын, оған Клиент кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге ақша жинақтау мақсатында ақшаны Салымға аударады.
5. Осы қосылу туралы өтінішке қол қойылған сәттегі Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі (мөлшерлеменің мөлшерін жылдық % - бен сандармен және жазумен көрсету) \_\_\_\_\_ (жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі \_\_\_\_\_) (мөлшерлеменің мөлшерін жылдық % - бен сандармен және жазумен көрсету) және 12 (он екі) айға белгіленеді. Әрбір 12 (он екі) ай өткеннен кейін көрсетілген мерзім өткен сәтте Шарт бойынша қолданылатын Банктің тарифтерінде көзделген сыйақы мөлшерлемесі белгіленеді.
6. Салым бойынша қосымша жарналарға жол беріледі.
7. Салымды толық/ішінара мерзімінен бұрын алып қою шарттары: Салымды ішінара/толық алып қою Салымшының жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап күнгізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмей, оған қоса берілген үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің жалпы жиналысының хаттамасымен Шартта көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.
8. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына сәйкес салым бойынша кепілдіктің ең жоғары (шекті) сомасы теңгедегі салым үшін 10 000 000,00 (он миллион) теңге. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес банктік ағымдағы шоттардағы ақша жоғарыдағыдай талаптарға сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады (Заңға сәйкес жеке тұлғамен шарт жасасу кезінде қолданылады). Кепілдік өтем шоттағы қалдық сомасы негізге алына отырып төленеді, бірақ Банктен лицензиядан айырылған күні банкте орналастырылған Заңның 18-бабында белгіленген кепілдіктің ең жоғары (шекті) мөлшерінен аспайды.<sup>1</sup>
9. Салым бойынша есептелген сыйақыны төлеу \_\_\_\_\_ (сыйақы төлеу мерзімін көрсету: жыл сайын немесе ай сайын).
10. Салымды ашу режимі (қажеттісін белгілеу):  
 Клиент Банкте ашқан № \_\_\_\_\_ ағымдағы шоттан Банк Салым сомасын есептен шығару жолымен, оған Клиент осымен өз келісімін береді;  
 Клиент Салым сомасын Шотқа аудару арқылы Шот ашылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде.
11. Басқа шарттар<sup>2</sup> \_\_\_\_\_.
- Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына, осы қосылу туралы өтінішке сәйкес Клиент Шарттың талаптарын оған қол қойылған күнгі жағдай бойынша Банктің Интернет-ресурсында [www.jusan.kz](http://www.jusan.kz) орналасқан редакцияда қабылдайды және оны растайды:
- 1) Шарт оқылды, Клиент толық көлемде, қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз қабылдады, Клиенттің ақылға қонымды түсінілетін мүдделеріне сүйене отырып, Клиентпен қабылданбайтын қандай да бір ауыр шарттарды қамтымайды;
  - 2) Қосылу туралы осы өтініш, оған қосымшалар және Шарт бірыңғай құжат ретінде қаралады;
  - 3) Шартта көзделген тәртіпте Шартты өзгертуге және/немесе толықтыруға келісемін;
  - 4) Егер Банктің осы қосылу туралы өтініші болса, Шарттың Клиент оқымағанының / қабылданбағанының дәлелі ретінде [уәкілетті тұлғалардың]<sup>3</sup> қолының және Шартта мөрдiң (бар болса) жоқтығына сілтеме жасауға құқылы емес;
  - 5) Банк: Шарт бойынша Банк қызметтерін ұсыну талаптары, Шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі, Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер туралы толық ақпарат берді;
  - 6) Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысуы туралы хабардар етілсе, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті

<sup>1</sup> Көрсетілген бөлімнің талаптары жеке тұлғамен Шарт жасасу кезінде қолданылады

<sup>2</sup> Егер Банктің уәкілетті органының шешімімен салым бойынша қосымша шарттар көзделген жағдайда көрсетіледі

<sup>3</sup> Заңды тұлғалар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін

кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген кепілдік берілген өтемді төлеу шарттары, мерзімдері мен тәртібі туралы хабардар етілсе. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген кепілдік өтемді төлеу шарттары, мерзімдері мен тәртібі туралы хабарлама Банктің Интернет-ресурсында мына мекенжай бойынша орналастырылған [www.jusan.kz](http://www.jusan.kz);

7) Банктің интернет – ресурсында орналастырылған осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын деректерді жинауға және өңдеуге келісім (бұдан әрі – Келісім), оны қабылдайды және жеке тұлғалардың (өз қызметкерлерінің/ өкілдерінің/ уәкілетті тұлғалардың/ құрылтайшылардың/ бенефициарлық меншік иелерінің) тиісті түрде ресімделген қажетті келісімдерінің бар екеніне кепілдік береді. Бұдан басқа, жеке тұлғалар болып табылатын Клиент, сондай-ақ Клиенттің өкілі болып табылатын жеке тұлға Банкке Келісімде көзделген шарттарда оған (оларға) қатысты барлық ақпаратты жинауға, өңдеуге, оның ішінде трансшекаралық беруге және үшінші тұлғаларға беруге сөзсіз келісім береді, оның (олардың) дербес деректерін қоса алғанда, оның ішінде Клиент тарапы болып табылатын шарттарды (мәмілелерді) жасасу және орындау мақсатында, сондай-ақ Келісімде көрсетілген (жалпыға қолжетімді дереккөздерде таратусыз) өзге де мақсаттарда электрондық, қағаз және кез келген өзге де тасығышта тіркелген биометриялық деректерді береді. Осы Келісім қолданылатын кезең: осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап Дербес деректер субъектісі келісімді жазбаша нысанда кері қайтарып алған күнге дейін.

БСН/ЖСН \_\_\_\_\_

(Клиенттің атауын көрсету)

(пошта индексі, орналасқан жері, телефон нөмірлері, e-mail)

ЖСК \_\_\_\_\_, БСК \_\_\_\_\_.

(Клиенттің/Клиенттің уәкілетті өкілінің ТАӘ)

(қолы)

М.О.<sup>4</sup>

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

#### БАНКТИҢ БЕЛГІЛЕРІ

«Jusan Bank» АҚ, А26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242 үй

БСН 920140000084, ЖСК KZ48125KZT1001300336 «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ, БСК TSESKZKA

Интернет-ресурс: [www.jusan.kz](http://www.jusan.kz)

«Jusan Bank» АҚ филиалының Операциялық басқармасы/ № \_\_\_\_\_ Қосымша ұй-жайы, мекенжайы: \_\_\_\_\_.

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ Шарт.

Қосылу туралы өтініш негізінде Клиентке ЖСК № \_\_\_\_\_ теңгемен (KZT) Жинақ шоты ашылады.

Осы Қосылу туралы өтінішті қабылдады, Клиентті сәйкестендіруді жүзеге асырды, жинақ шотын ашу жөніндегі құжаттарды тексерді.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Орындаушы: \_\_\_\_\_ (ТАӘ) (қолы, мөртабаны (бар болса))

ОБ жауапты қызметкері: \_\_\_\_\_ (ТАӘ) (қолы, мөртабаны (бар болса))

<sup>4</sup> жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалар үшін